

№34 көп салалы мектеп-гимназиясында өткізілген  
«Мектепке жол» акциясы барысынан

## Хабарлама

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылдың 25 шілдедегі №3-18-3/2439-И санды хатына және Атырау қалалық Білім беру бөлімінің 26.07.2018 жылғы жоспары бойынша, республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы нұсқауын басшылыққа ала отырып, № 34 көп салалы мектеп-гимназиясында 1 тамыз- 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу барысында әртүрлі қоғамдық орындарға хабарландырулар ілінді.

Осыған орай, Республикалық дәстүрлі өткізілетін «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына әлеуметтік жағдайы мұқтаж отбасы балаларына мектептің ішкі сабақ құралдары, сөмкелер, мектеп формасы, спорттық киім беріліп, көмек көрсетілді.

Мектеп директорының міндетін атқарушы А.Қ.Шотаева әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларына, олардың балаларына арнап костюмдер, сөмкелер, оқу құралдары табыс етті. Ата- аналар мен оқушыларға 2018-2019 оқу жылында табыстар тілеп, бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Ата –аналар атынан Жұмашев Әділеттің ата-анасы сөз алып, алғыс білдірді.

Ұстаздар және ата-аналардан 32,300 тг жиналды. Жиналған қаражатқа спорттық киім, сабақ құралдары, сөмкелер алынды.

29 тамыз күні ИП «Асем-ай» 20 оқушыға кеңсе тауарларымен сөмке табыстады.

КГП «Атырау Су Арнасы» атынан азаматша Чупеева Динара Тилековна 2 оқушыға (Асқарұлы Мұхаммедрасул және Асқарқызы Бибіфатима) көмек көрсетті.

/ Мектеп-директоры:



О.Х.Хуандыкова